



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2020 жылғы 5 ақпаны

№ 51

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2013 жылғы 12 маусымдағы № 146 (28085) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-25-қосымшаларға сәйкес бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

2) осы бұйрыққа 26-58-қосымшаларға сәйкес негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

3) осы бұйрыққа 59-108-қосымшаларға сәйкес жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

4) осы бұйрыққа 109-113-қосымшаларға сәйкес негізгі орта білім берудің және жалпы орта білім берудің таңдау курстары мен факультативтерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

5) осы бұйрыққа 114-174-қосымшаларға сәйкес мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары;

6) осы бұйрыққа 175-191-қосымшаларға сәйкес бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

7) осы бұйрыққа 192-218-қосымшаларға сәйкес жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

8) осы бұйрыққа 219-323-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

9) осы бұйрыққа 324-384-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

10) осы бұйрыққа 385-390-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

11) осы бұйрыққа 391-440-қосымшаларға сәйкес жаңартылған мазмұндағы жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары;

12) осы бұйрыққа 441-545-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұн бойынша негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бекітілсін;

13) осы бұйрыққа 546-609-қосымшаларға сәйкес ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған жаңартылған мазмұн бойынша бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары бекітілсін.»;

осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64 -қосымшаларға сәйкес 546, 547, 548, 549, 550, 551, 552, 553, 554, 555, 556, 557, 558, 559, 560, 561, 562, 563, 564, 565, 566, 567, 568, 569, 570, 571, 572, 573, 574, 575, 576, 577, 578, 579, 580, 581, 582, 583, 584, 585, 586, 587, 588, 589, 590, 591, 592, 593, 594, 595, 596, 597, 598, 599, 600, 601, 602, 603, 604, 605, 606, 607, 608, 609 -қосымшалармен толықтырылсын.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № болып енгізілді

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан
Республикасының Білім
және ғылым министрі**

А. Аймагамбетов

Результаты согласования

Министерство образования и науки РК - Директор Нурсейт Абсаттарович Байжанов, 29.01.2020 17:41:40, положительный результат проверки ЭЦП

Министерство юстиции РК - Вице-министр Наталья Виссарионовна Пан, 04.02.2020 18:30:19, положительный результат проверки ЭЦП

Результаты подписания

ҚР Білім және ғылым министрлігі - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А. Аймагамбетов, 05.02.2020 15:17:43, положительный результат проверки ЭЦП